

БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАҒЫ
 ҚҰРМАҒАНЫ АУАҒА БАЛТҚЫ
 ҚҰРМАҒАНЫ АУАҒА БАЛТҚЫ
 ҚҰРМАҒАНЫ АУАҒА БАЛТҚЫ
 ҚҰРМАҒАНЫ АУАҒА БАЛТҚЫ

**МКҚК «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы бойынша
 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жөнінде кесте.**

№	Мемлекеттік орган, ұйым, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің атауы	Талдау жүргізу мерзімі	Ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы қысқаша мәлімет	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған шаралар	Жүргізілген талдаудың интернет сайтына орналасқандығы жөнінде сілтеме немесе скриншоты
	МКҚК «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы	2024 жылдың 3 қаңтар 29 қараша аралығы	<p>Ішкі талдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына» сәйкес жүргізілді.</p> <p>Есептік кезеңде балабақша әкімшілігі нормативтік құқықтық сипаттағы және әкімшілік шаруашылық, жедел және дербес сипаттағы мәселелер бойынша 75 бұйрық шығарылған.</p> <p>Аталған актілерге талдау нәтижесінде жемқорлық тәуекелдеріне қатысты кемшіліктер анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу Балабақша қызметіне қажетті тауар, жұмыс пен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы айқын және ашық электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандайда бір байланысқа түсуге мүмкіндіктің болмауына байланысты, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді.</p>	Балабақша бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты кемшіліктер болған жоқ	https://nurbobek.edu.kz/?page_id=54



Балабақша меңгерушісі

Л. Кисметова

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ «НҰРБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

I. Кіріспе

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көлемін орындауды қамтамасыз етеді.

Балабақшада барлығы 38 қызметкер жұмыс істейді (балабақша меңгерушісі-1, 1-әдіскер, 1-психолог, 1-саз жетекшісі, 6-тәрбиеші, 21 техникалық қызметкер, 8-жылу қазанының операторы) 3 топтық, 70 орындық, 68 баламен қамтамасыз етілген.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Құрманғазы ауданы, Хиуаз ауылы, Жүмекен Нәжмеденов 3

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілу кезеңі:

Басталды: 2 желтоқсан 2024 жыл, аяқталды: 13 желтоқсан 2024 жыл.

4. Бақыланатын кезең: 2024 жылдың 3 қаңтар мен 2024 жылдың 29 қараша аралығы

II. Ақпараттық - талдамалық бөлім

«Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылығы 26 желтоқсандағы № 986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында «Нұрбөбек» бөбекжай-балабақшасының іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылды.

1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазым болған жоқ.

2) Мүдделер қақтығысы жоқ.

3) Балабақшада мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі бойынша ауыл тұрғындарына және педагогтарға барлығы 16 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Балабақшаға 2024 жылдың 6 айында барлығы барлық тіркелген 15 өтініш түсіп, уақытылы жауап беріліп отырылды.

Балабақшаның дәлізінде арнайы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында ақпараттық стенд жаңартылды. Балабақшаның ғимаратында тұрғындар үшін сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған шағымдар мен ұсыныстарға арналған «сенім жәшігі» орнатылған. Бөлімнің сенім телефоны ретінде 87759634593 нөмірі бекітілген.

Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптардың қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. 2024 ж жыл ішінде жұмысқа алынған қызметкер саны -8 қызметкер жұмысқа алынды. Жылу қазанының операторы-8.

4) 2024 жылы балабақша бойынша бөлінген ақша 91588,0 млн игеріліп, бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі қадағалануда.

2024 жылдың сәуір айында балабақша тәрбиешілері ұйымдастыруымен «Адал болу», «Қызметке емес достыққа», «Өз рақметінді аяма, бірақ басқа біреуді күт» тақырыбында балалармен әңгімелесу ұйымдастырылды. «Менің құқықтарым» балалар суреттерінің көрмесі ұйымдастырылды. Қызметкерлерге «Жемқорлыққа жол жоқ» жадынама таратылды. «Жемқорлық қоғам дерті» өнеге

сағаты қызметкерлерге түсінік жұмыстары жүргізілді, арнайы балабақшаның ақпараттық сайтқа орналастырылды. (https://nurbobek.edu.kz/?page_id=54)

6) 2024 жылы балабақша бойынша бөлінген ақша 91588,0 млн. Бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі қадағалануда.

7) Мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша осы аралықта тамақ, ет өнімдерін сатып алу үшін- 3 ашық конкурс тәсілімен, баға сұранысы бойынша- 32, бір көзден- 3 мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаздары анықталып, келісім шарттар жасақталды.

II. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүзеге асты:

1) Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы: -

балабақшаның меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі 8(712)333 3-44-69

Балабақшада тәртіп бұзушылықтар анықталмады.

Балабақша қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәуекелдер анықталмады.

III. Қорытынды:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіре жалғастыру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Л. Кисметова - балабақша меңгерушісі

2. С. Тасимова - балабақша тәрбиешісі

3. Г. Айжарықова - әдіскер, кәсіподақ комитетінің төрайымы:

4. Г. Бисембиева – психолог

5. А. Қожағалиева шаруашылық меңгерушісі



Handwritten signature

Handwritten signature